

Жалпыхалықтық диктант (нұсқаулық)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 27 өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес республика бойынша **жалпыхалықтық диктант** (бұдан әрі – *Диктант*) өткізіледі.

Мақсаты: латыннегізді қазақ тілі әліпбиінің, «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері» жобасының практикалық тұрғыда меңгерілуін жан-жақты қамту, нақтылай түсу, өзін-өзі бағалау, бейімделу.

Міндеттері: Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру, латыннегізді қазақ тілі әліпбиін меңгеру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты арттыру.

Шарты: Диктантқа 15 жастан жоғары барлық азаматтар қатыса алады.

Белгіленген орынға келіп қатысушылар өздерімен қаламсаптарын алып келеді. Диктант арнайы әзірленген парақта жазылады.

Арнайы белгіленген орындарға келіп қатыса алмайтын тұлғалар диктантты emle.kz, tilalemi.kz сайттарының басты бетінде орналасқан сілтемемен компьютер немесе ұялы телефон (смартфон) арқылы кіріп, белгіленген уақытта диктант аудиосын тыңдай отырып жаза алады.

Диктантты сканерлеу немесе фотоға түсіру арқылы tilalemi.kz@gmail.com электрондық поштаға жолдауы қажет. Сондай-ақ диктант аяқталған соң аталған сайтта диктанттың дұрыс нұсқасы мен диктантты бағалау өлшемшарттары шығады. Әрбір пайдаланушы жұмысын дұрыс нұсқамен салыстыра отырып, өлшемшарттарға сәйкес өзін-өзі бағалайды.

Жүргізілу барысы:

Диктант бір күнде, бір мезетте (бір уақытта) жазылады. Диктант жазу туралы алдын ала ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі. Бекітілген диктант мәтіні (80-90 сөз) аудиожазбалар арқылы таратылады. Ұзақтығы 30 минутқа созылады. Бағалау өлшемшарттары белгіленеді. Диктант жазу арнайы белгіленген орындарда жүргізіледі. Дидактикалық материал (*Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі, арнайы парақтар*) таратылады.

Әр өңірден тікелей репортаждар ұйымдастырылады, хабарлар республикалық телеарналар арқылы беріледі.

Диктант қорытындысы бойынша статистикалық мәліметтерді тілдерді дамыту басқармалары жанынан арнайы құрылған жұмыс топтары жасайды.

Диктант жазуды жүргізу тәртібі:

- диктантты жазуды ұйымдастыру үшін орталық және жергілікті атқарушы органдарда жұмыс топтарын құру;

- диктанттың өткізілетіні туралы алдын ала анонстық хабарламалар тарату (*республикалық және жергілікті БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы*);

- іс-шараның өткізілу орнын, техникалық құралдармен жабдықталуын қамтамасыз ету;

- бекітілген диктант мәтінін (*аудиожазба*), дидактикалық материалдарды тарату;

- диктант жазатын арнайы белгіленген орындарға барып қатыса алмайтын тұлғалар үшін **emle.kz, tilalemi.kz сайттары** арқылы қатысу мүмкіндігі бар екенін ақпараттандыру.

Анонстық хабарламалар беру (диктант жазудың мақсаты беріледі, өзін-өзі бағалау мақсатында сілтеме ұсынылады).

Диктант жазуға алдын ала дайындық

Диктант жазудың алдында 15 минут бұрын тыңдаушыларға латыннегізді қазақ әліпбиі таныстырылады (әсіресе, төл дыбыстардың жазылуы) және жаңа әліпби, арнайы жазу парақтары таратылады.

Диктанттың оқылу тәртібімен тыңдаушыларды алдын ала таныстыру

Диктант мәтіні аудиокұрылғыдан үш рет дыбысталады. Дыбысталу жылдамдығы тіл меңгеру деңгейінің талабына сай. Мәтінді бірінші рет оқығанда мұқият тыңдаңыз, екінші рет оқығанда жазыңыз, үшінші рет оқығанда өзіңіз орындаған жұмыстың орфографиялық дұрыстығын, аутенттілігін тексеріңіз. Әрбір дыбысталу аралығында үзіліс болады. Үзіліс ойды жинақтап, назарды келесі тапсырмаға бағыттау үшін беріледі.

Қорытынды.

Республика бойынша жүргізілген диктант қорытындысын шығару (*3-қосымшаға сәйкес*). Жұмыс топтары статистикалық мәліметтерді жинақтап, жаңа әліпбидің меңгерілу деңгейін анықтап, талдамалық ақпаратты диктант жазылғанан кейінгі **5 күнтізбелік күнде** беруі тиіс.

Диктантты бағалау өлшемшарттары	
Баға	Есептеу тәртібі
5	Ешбір қатесі болмаса немесе келесідей қате жіберсе; 0-0, 0-1, 1-0, 1-1, 1-2, 2-1
4	2-2, 0-4, 1- 4, 3-0, 3-1
3	3-5, 3-4, 3-3, 3-2, 4-0, 4-1, 5-0

Ескерту. Бірінші сан-емле қатесі, екінші сан- тыныс белгісі қатесі: 1-2